



М.Т. Бимагамбетова
Талысай ЖОББМ директорының м.а.

Келісілді С.Б.Биртаева
Әйтеке би аудандық білім
бөлімінің басшысы

Тақырыбы:

«ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ»

(элективті курс)

Сыныбы: 10 «а»

Орындады: Мукашева К.С.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Ә/Б отырысында қаралды: Б.А.Алимкулова
(Ә/Б жетекшісі)

№1 хаттама «26» күні 2025 ж

Тексерілді: М.Т.Бимагамбетова
оқу- ісінің орынбасары

Түсінік хат

Қазіргі жаңартылған білім мазмұнында оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру мәселесі алдыңғы орында тұр. Неге десек, білім мазмұнының өзі жаттанды білімнен өмірлік жағдаяттарда қолдана алуына бейімделген. Ал, бұл жерде, ең алдымен, оқушының оқу сауаттылық деңгейі жоғары болуы керек. Тіптен, соңғы жылдары жоғары оқу орнына тапсыратын түлектерге оқу сауаттылығы негізгі пән ретінде қарастырылып, барлық талапкерлер тест тапсырады.

Оқу сауаттылығы дегеніміз не? Ол – функционалдық сауаттылықтың бір бөлігі. Оқушы түрлі танымдық мәтіндермен жұмыс жасай отырып, негізгі сауаттылық білімін, көзқарасын, құзыреттілігін қалыптастырады. Оқу сауаттылығының өзі мектеп бітіруші түлектердің жоғары оқу орнына тапсыру емтиханының негізгі бөлігіне енді. Сонымен қатар жаңартылған білім мазмұнында мәтінмен жұмыс түрлері көп. Сол себепті аталған бағдарлама сұранысқа ие, өзектілігі, жаңашылдығы жоғары. Бағдарламаны ҰБТ-ға дайындықтың бастауы деп қарастыруға болады. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін мақсат анықталып, бірнеше міндеттер алынды. Ресурстары жинақталып, мұғалімдерге көмек ретінде арнайы тест тапсырмалар жинағы құрастырылды. Бағдарлама орта мектеп курсының 11- сынып оқушыларына арналған.

Бағдарламаның мақсаты: Алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана алу үшін мәтін түрлерімен жүйелі жұмыс жасау арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын арттырады, ҰБТ- да сапалы тест нәтижесін көрсетуге бағыт береді

Міндеттері:

- Мәтін түрлерін талдау, сұрыптау
- Мәтін мазмұнын, түйінін ашу
- Мәтін бөліктерімен жұмыс
- Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау
- Мәтіннің өмірмен байланысын ашу
- Мәтінді логикаға негізделген тест тапсырмаларын шешу

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылар мәтін түрлерімен жүйелі жұмыс жасай алады;
- Оқушылар мәтін түйінін өмірмен байланыстыра алады;
- Оқушылар мәтіндегі қосымша, негізгі ақпарат көздерін ажырата алады;
- Оқушылардың танымдық деңгейі артады;
- Оқушылардың өзіндік көзқарасы қалыптасады
- Оқушылардың сөздік қоры, сөз саптауы жоғарылайды
- Оқушылар жүйелі тест тапсырмаларын шешу арқылы ҰБТ да жоғары нәтижеге қол жеткізеді.

Тұрақтылау (мазмұндық) бөлім

Мәтін туралы түсінік және оның түрлері (4 сағат) Мәтіннің негізгі түрлері, олардың ерекшелігі, айырмашылығы, стилі

Мәтіннің негізі ойын анықтау (3 сағат). Тиімді әдіс-тәсілдерді сұрыптау
Мәтіндегі тірек сөздермен жұмыс (2 сағат) Мәтін мазмұнын ашудағы тірек сөздерді

анықтау, жұмыс түрлері
Мәтін бөліктерімен жұмыс (3 сағат) Мәтіннің кіріспесі, негізгі, қорытынды бөлімі, азатжолдар

Бақылау- 1 сағат (оқу сауаттылығы тест)

Мәтіннің тақырыбы мен идеясы (3 сағат) Мәтін тақырыбын анықтау, идеясын ашу
Көркем әдебиет стиліндегі мәтіндермен жұмыс (3 сағат) стилі, кейіпкерлер бейнесі, кейіпкерлердің мінез-құлқы, әрекеті, мезгілдік, мекендік орны
Публицистикалық стилдегі мәтіндермен жұмыс-(3 сағат) Мақала, зерттеу мәтіндері, интервью, көсемсөз, хат, эссе
Ғылыми сипаттағы мәтіндерімен жұмыс – (2 сағат) Зерттеу мәтіндері, терминдермен жұмыс, тұжырым

Бакылау жұмысы- 1 сағат , тест

Мәтіндегі ақпарат көздерін анықтау – **(2сағат)** Шын, жалған ақпарат, негізгі, қосымша ақпарат, мәтінге сай, мәтіннен алшақ ақпарат

Жинақы және аралас мәтіндермен жұмыс –**(3 сағат)** Аннотация жазудың тиімді жолдары, тұтас және тұтас емес мәтіндерді салыстыру

Мәтіннің құрылымы мен рәсімделуін анықтау - **(2 сағат)** Мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау

Мәтін тақырыбына қатысты пікірін жазу -**(2 сағат)** Мәтін бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу

Қорытынды сабақ-**(1 сағат)**

Ақпараттық-әдістемелік бөлім (нормативтік бөлім туралы ақпарат, әдіс-тәсілдер Мәтін деген не?)

Дыбыстар өзара тіркесіп, бір затты не құбылысты білдірсе, мағыналы сөз болады. Бірнеше сөз тіркесіп, тиянақты ойды білдірсе, сөйлем болады. Бір тұтас ойды толық жеткізген сөйлемдер жиынтығы мәтін болады.

Мәтін – жалпы бір тақырып төңірегіндегі біріккен, сабақтастық пен тұтастық тән, ақпаратты жеткізетін мазмұнды сөйлемдердің тізбегі.

Мәтін – белгілі көлемдегі (тұтас күйінде я шағын үзінді) шығарма немесе шығармашылық жұмыстың жазбаша немесе ауызша түрі.

Мәтін – бір тұтас ойдың айналасындағы пайда болған тиянақты ойлар жиынтығы. Бұл жиынтық мәтінді абзацтарға бөледі.

Бір тақырыптың әртүрлі мазмұны болуы мүмкін. Жазушы бұл мазмұнның әрбірін бір мәтінге айналдырады. Осылайша оқырманның ойы бөлініп кетпеуін, айтылғандарды тиянақты қабылдауын қамтамасыз етеді.

Әр мәтіннің өз құрылымы, оқырманға жеткізетін ойы, тақырыбы болады. Мәтінге газет-журнал материалдары, өлең шумақтары, оқулықтағы ережелер, әртүрлі сөйлесулер жатады.

Мәтіннің түрлері

Мәтіннің үш түрі бар:

Әңгімелеу мәтіні қандай бір оқиғаны баяндап не істеді? не болды? сұрақтарына жауап береді, оқиғаның сатыланып дамуы баяндалады. Әңгімелеу мәтінінің баяндаушысы көбінесе жедел өткен шақта болады. Әңгімелеу мәтінінде оқиға, орын, уақыт, кейіпкерлер болады.

Сипаттау мәтіні бір затты не құбылысты сипаттайды және қандай? Қалай? Деген сұрақтарға жауап береді. Мұнда пейзаж суреттеледі немесе портретке мінездеме беріледі. Мысал, мәтінде таулар мен қырттар, адамның көзінің көгергені, самайына түскен ақ шашы, биязы немесе қырсық мінезі, Астананың Бәйтерегі, Алматының алмасы т.б. туралы айтылса, суреттеу мәтіні екенін оп-оңай табуға болады.

Пайымдау мәтіні белгілі бір пікірді түсіндіреді, дәлелдейді және не үшін? неге? не себепті? Деген сұрақтарға жауап береді. Мұнда ойдың тезисі, дәлелі, қорытындысы жасалады. Пайымдау мәтінінде сондықтан, өйткені, себебі деген себеп-салдар мәнді жалғаулық шылаулары жиі қолданылады.

Кейде әңгімелеу де, сипаттау да, пайымдау да бір мәтінде кездесуі мүмкін. Қайсысы басым екенін мәтіннің негізгі мақсатына байланысты табуға болады. Мысалы: *Жиырма жасар жігіт шатырдың алдында жанымен жатқызылған есек арбаның үстінде домбыра шертіп отыр еді. Майшамның жарығы маңдайына шағылысып, шытышып шыққан терімен айқасып жатқандай еді. Домбыраның мойны ары – бері жүгіріп өткен саусақтарының астында тіріліп кеткендей еді. Жас жігіттің қолы домбыраның шегіне жақындаған сайын екеуінің арасында құпияға толы әңгіме жүріп жатқандай еді.*

Берілген мәтінде жас жігіттің не істегені туралы айтылған. Алайда оқырманның көз алдына оның сипаты, әрекеттері, жан-жағы, отырған орны суреттеліп отыр. Сол себепті бұны суреттеу мәтініне жатқызамыз. Әңгімелеу мәтінінде оқиға басым болады.

Тірек сөздер

Мәтінді құрастыруға негіз болатын сөздер «**тірек сөздер**» деп аталады. Мәтін не туралы? деген сұраққа жауап беретін сөздер мәтіннің тірек сөздері болады. Мәтіннің тірек сөздерін «**кілт сөздер**» деп те атауға болады.

Әдетте, мәтін құрастырар алдында оқушыға тірек сөздер беріледі. Оқушы берілген тірек сөздерді пайдаланып, мәтін құрастырады. Тірек сөздер арқылы шағын әңгіме, ертегі, өлең немесе кез келген мәтін түрін жазуға болады. Жазылған мәтін жүйелі шығу үшін тірек сөздердің бірін біріктіретін тақырып тауып алу керек. Мәтін не туралы болса, тақырыбы да сол болады. Мәтінге ат қойғанда оның тақырыбының қысқаша нұсқасын пайдаланады.

Кейде берілген тірек сөздерге қарап, бұрын оқыған шығарманы еске түсіруге болады. Мысалы, «дос, аю, ағаш» деген тірек сөздер берілсе, осы үш сөздің арасында байланысы бар мәтінді ой елегінен өткізе бастаймыз. Бұл тірек сөздерден орманда келе жатып, алдынан аю шыққанда екі достың мықтысы әлсізін жалғыз тастап кеткен әңгіме есімізге түседі.

Тірек сөздерді пайдаланып, мәтін құрастыруға болатын болса, мәтіннен тірек сөздерді де дәл солай табуға болады. Тест тапсырмаларында көбінесе, дайын мәтіннен тірек сөздерді табу талап етіледі. Ол үшін мәтінді мұқият оқып шығып, мәтіннің не туралы екенін анықтап алу қажет. Ең бастысы, табылған тірек сөздер мәтіннің мазмұнын ойша елестете алатындай дәрежеде таңдалынып алынуы қажет.

Мәтіннің тірек сөздері ғаламтор желісінде өте жиі пайдалынады. Дұрыс жазылған тірек сөздер оқырманға қажетті мақаланы тез табуға көмектеседі. Мақаланың көбірек оқылуы үшін тірек сөздердің дұрыс теріліп жазылуы өте маңызды.

Мәтіннің негізгі ойын түсіндіру тәсілдері

Мәтіннің негізгі ойы оқырманға одан да жақсы жеткізілуі үшін жазушы әртүрлі тәсілдерді пайдаланады.

Салыстыру. Екі не одан да көп заттың ұқсастығы мен аймаршылықтарын салыстыру үшін қолданады. Мақсаты – бір затты басқа заттардан ерекшелеу, осылайша сол зат туралы мағлұматты түсінікті етіп беру. Мысалы, мәтінде «мынау мынадай, ал мынау болса мынадай» деген ұғымдар болса, салыстыру тәсілі қолданылды дегенді білдіреді.

Анықтама беру. Бір заттың не екендігін түсіндіру үшін қажет. Оқырманға тез түсіндіру үшін автор осы тәсілді қолданады. Мәтінде бір ғана заттың анықтамасы берілуі тиіс. Әйтпесе екі зат болса, ол салыстыру болып кетуі мүмкін.

Мысал келтіру. Айтылған ойды көз алдымызға елестету үшін қолданады. Әдемі мысал айтылған көп сөзден әлдеқайда әсерлі болуы және көпке шейін есте қалуы мүмкін. Мысал ретінде кейде танымал тұлға не туынды берілуі мүмкін.

Дәйексөз келтіру. Автор өз ойын дәлелдеу үшін танымал тұлғалардың сөздерін дәйексөз ретінде келтіреді.

Байланыс құру. Бір-бірімен тікелей байланысы жоқ ұғымдарды, заттарды асқан шеберлікпен байланыстырып мәтіннің негізгі ойын түсіндіріп беру үшін қолданады.

Мәтіннің көріктеуіш құралдары

Мәтінді оқырманға әсерлі ету үшін көріктеуіш құралдарды пайдаланады.

Теңеу – құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі. Мысалы: *Ержан басын бүркеңкіреп алып, іргеге қарап, тышқан аңдыған мысықтай тынып жатқалы бірқауым уақыт өтті.*

Эпитет – заттың не құбылыстың айрықша сипатын, сапасын, белгісін білдіретін суретті сөз. Мысалы: *Әлгіндей долы нөсерден кейін жер беті шалшық суға толып, лайсаң батпақ болып қалған.*

Метафора – суреттелген затты не құбылысты айқындау үшін оларды сөздеріне ұқсас затқа не құбылысқа балау. Мысалы: *Абай әлгі сөзді тыңдап бола бере, әуелі бір қысқа ғана мысқыл айтты: - Ауыл – дарбаза, сөз – самал, - деп қойды да, - есесің де бөсесің зой, Тобықтының сотқары! – деді.*

Инверсия – сөздердің орындарын ауыстырып, өзгеше тіркестер құру. Мысалы: *Осы сен не боп барасың күннен- күнге? Бұл не сұмдыұ? Жүрген жеріңе шөп шықпағыр боп барсың зой! Ұялмайсың ба бір мезгіл елден-жұрттан? Қу жалғыз-ау, айтшы, не болды мұнша саған бұзылып? Өлтірдің зой мына сорлы анаңды!*

Кейіптеу – табиғат құбылыстарын жандандырып, адам кейпінде суреттеу. Мысалы: *Ай жарық. Аспанның түп-тұнық көк жібек шатырыбар жиһазын тағынып мөлдіреп тұр.*

Кейіпкер мінезі

Кейіпкер – көркем шығармада суреттелетін оқиғаға қатысушы адам, көркем образ.

Мінез – адамның ішкі болмысы. Белгілі қоғамдық жағдай қалыптастырған қоғамдық құлқы, барлық психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы. **Мінездеу** – әдеби кейіпкеді таным-түсінігі мен мінез-құлқын таныта даралай суреттеу. Түрлі тәсілдер арқылы жасалады. Тура мінездеу кейіпкердің мінез-құлқын айнытпай, сол қалпында баяндаса, жанама мінездеу оған қатысты құбылыстар мен заттарды суреттеу арқылы қаһарман бейнесін ашып көрсетеді. Адамның сезімдік көңіл-күйін, күйініш-сүйінішін, қимыл-әрекеті мен кескін-кеіпін бейнелеу үшін оның өз сөзі мен өзгемен арадағы әңгімесін келтіру, сондай-ақ түрлі табиғат құбылыстарын суреттеу – осының бәрі әдебиеттегі адамның ішкі әлемін тануға, сырт пішінін анықтауға аса қажетті тәсілдер. Бұл әдістер бірін-бірі толықтырып, айқындай түседі, мінездеу

үшін маңызды рөл атқарады.

Мәтіндегі кейіпкерлердің мінезі жағымды немесе жағымсыз болып келеді. Жағымды мінездерге қарапайымдылық, ұяңдық, жомарттық, мейірімділік, сыпайылық, қамқорлық, алаңдық т.б. жатады. Жағымсыз мінездерге сұмдық, арамдық, сараңдық, тақаппарлық, паңдық, мақтаншақтық, еріншектік, т.б. жатады.

Мәтін құрылымы

Мәтіннің тақырыбын ашу үшін және негізгі ойды оқырманға жеткізу үшін мәтінде қолданылған әрбір сөйлемнің өз орны болуы тиіс.

Мәтін құрылымы үш бөліктен тұрады: басы (кіріспе), негізгі бөлімі, соңы.

Кіріспеде оқырманның назарын аудару көзделеді. Негізгі бөлімде айтылатын ойдың түйінді мәселелері жүйелеп түсіндіріледі. Мәтіннің соңы – қорытынды бөлім, бұл – сөздің бүкіл күшін топтастырушы, мәнді бөлім.

Мәтіннің құрамындағы сөйлемдер мәтіннің желісін бұзбауы керек. Мәтінге басқа қосымша сөйлем қосқанда немесе толықтырғанда негізгі ойдан ауытқымау керек.

Мәтінді абзацтарға бөлу

Әрбір мәтін тұтас бір ойдың айналасында болатынын білеміз. Ендеше мәтіннің құрамындағы әрбір жаңа ой абзацтарға бөлінуі тиіс. Әрбір мәтін белгілі бір тақырып айналасында құрылғандықтан, мәтінде бірнеше ой-пікір айтылуы мүмкін. Сол себепті мәтіндегі екі не одан да көп ой-пікірлер абзац арқылы ажыратылады.

Мәтінді абзацқа бөлгенде, алдымен, сөйлемдердің тақырыбы анықталады. Тақырып ауысқан кезде келесі абзац басталады.

Мәтіннің ой желісі

Мәтіннің тұтас бір мағынасы болады. Жақсы құрастырылған мәтіннен бірде-бір сөйлем алып тастауға болмайды. Сөйлемдер бір тақырып айналасында мәтіннің ой желісі бойынша құрылады. Тақырыптан тыс кез келген сөйлем мәтіннің ой желісін бұзады. Шылаулар, сілтеу есімдіктері, қыстырма сөздер сөйлемдерді мәтіннің ой желісі бойынша реттестіргенде сізге үлкен көмек тигізетін болады.

Бағалау критерийлері:

10- сыныпқа арналған «Оқу сауаттылығы» курс бағдарламасы түсінік хатта көрсетілгендей мақсат, міндеттерді жүзеге асырып, күтілетін нәтижені анықтағанда оқушылардың келесі жұмыс түрлері бағаланады:

- Мәтін бөліктерін ажырата алуы, тақырыбын, идеясын ашуы ;
- мәтіннен қажетті, нақты ақпаратты таба білу;
- мәтінді ашық және логикалық сұрақтарға жауап беруі;
- мәтінмен жұмыс түрлерінің меңгерілуі;
- мәтіннің мазмұнын түсінуі;
- мәтіндегі тірек сөздермен жұмыс жасай алуы

Оқу сауаттылығын бағалау үшін білім алушыларға берілген мәтіннің тақырыбы мен идеясын анықтау, негізгі тірек сөздерді ажырата алуы қатаң қадағаланады. Сонымен қатар, автордың ойын, эмоциясын ашу, мәтін кейіпкерінің мінез-құлық болмысын ашу да бағаланады. Түрлі стильдегі мәтіндерді ажырата алуы, оның тілдік құралдарын табуы, орынды қолдануы, мәтін мазмұнын ашатын нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді таба алуы да ескеріледі..

Оқу сауаттылығынан ең көп кездесетін сұрақ форматтары:

1. Мәтінге лайықты тақырыпты анықтаңыз
2. Мәтін идеясын ашыңыз
3. Мәтінде айтылған мезгіл немесе мерзім
4. Мәтіндегі кейіпкер мінез-құлқы
5. Мәтін бөліктерінің бір-бірімен байланысы
6. Мәтін түрін анықтаңыз
7. Мәтін мазмұнын жеткізудегі әдіс-тәсілдер
8. Мәтіннің стилін анықтаңыз
9. Мәтіннің мазмұн реттілігін анықтаңыз

10. Мәтін мазмұнын ашатын нақыл сөздер т.б.

1. Жалпы мәтінмен жұмысты бағалау критерийі

«5 балл» - оқушы мәтіннің тақырыбын, идеясын ашып, стилін анықтап, ондағы сюжеттерді талдап, тілдік құралдарына түсінік бере алса және қойылған логикалық сұрақтарға мүдірмей жауап берсе;

«4 балл» - Оқушы мәтіннің түрін, мазмұнын, тақырып пен идеясын аша алады, бірақ қойылған сұрақтардан мүдіріп жатса;

«3 балл» - Оқушы мәтіннің мазмұнын түсінеді, бірақ идеясын, негізгі тілдік құралдарын таба алмайды, сұрақтарға дұрыс жауап бере алмай жатса;

«2 балл» - Оқушы мәтін түрін ажырата алмайды, мазмұнын түсінбегендіктен, сұрақтарға қате жауап береді.

2. Мәтінді тест тапсырмаларын бағалау критерийі:

Тест тапсырмаларының саны бір нұсқада -20 сұрақ

Бір дұрыс жауабы бар

Әр дұрыс жауабы 1 балл

Ең жоғарғы балл- 20

18-20 балл- «5»

14-17 балл- «4»

5-13 балл- «3»

0-4 балл-«2»

Нормативтік бөлім

Аптасына – 1 сағат

Жылына-34 сағат

р/н	Мазмұны	Сағат саны мерімі	Одіс-тәсілі, түрі	Уақыты
1	Мәтін туралы түсінік	1	Түсіндіру	04.09
2	Мәтін түрлері. Әңгімелеу мәтіні	1	Ақпарат беру, жаттығу мәтіндері	11.09
3	Сипаттау мәтіні	1	Ақпарат, мәтіндер, тапсырма құрастыру	18.09
4	Найындау мәтіні	1	Ақпарат, тапсырма	25.09
5	Мәтіндері негізгі ойды анықтап, есеп сап мақалдар табу.	1	Мәтінмен жұмыс	02.10
6	Мәтіннің негізгі мазмұнын тезис түрінде жазу	1	Негізгі мазмұнын тезис түрінде жазу	09.10
7	Мәтіннің негізгі ойы бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру	1	Негізгі ойды анықтауда проблемалық сұрақтар құрастыру	16.10
8	Тірек сөздердің мәтіндегі орны	1	Тірек сөздермен жұмыс	23.10
9	Тірек сөздер арқылы мәтіндер құрау	1	Мәтін құрау әдісі	06.11
10	Мәтін бөліктері. Кіріспе бөлім	1	Кіріспе бөлімнің маңызы Тақырыпты түсіну сөйлемі	13.11
11	Сұрақтар арқылы мәтіннің негізгі бөлімін жазу	1	Негізгі бөлім, шимай жоспар жасау	20.11
12	Мәтіннің қорытынды бөлімі	1	Қорытынды бөлім жазу жолы	27.11
13	Бақылау(тест)	1	Тест тапсырмасы	04.12
14	Мәтіннің тақырыбы	1	Мәтін тақырыбын анықтау жолдары, тірек сөзбен жұмыс	11.12
15	Мәтіннің идеясы	1	Мәтін идеясын ашу	18.12
16	Мәтіннің тақырыбы пен идеясын ашуға арналған тапсырмалары	1	Тақырып пен идеяның байланысы	25.12
17	Көркем әдебиет стилі	1	көркем әдеби стильдегі мәтіндер, стиль ерекшелігі	08.01
18	Шағын әңгімелердегі кейіпкер бейнесі, портреті, мінез-құлқы	1	Көркемдегіш құралдармен жұмыс, портрет, мінездеу	15.01
19	Көркем әдебиет мәтініндегі пейзаж, оқиға орны	1	Пейзаж, оның түрлері	22.01

20	Публицистикалық стиль, түрлері, тілдік құралдары	1	Стиль ерекшелігі, мақала түрлері	29.01
21	Мақала, интервью	1	Мақал мен интервью айырмасы, ерекшелігі	05.02
22	Эссе, хат	1	Эссе мен хат айырмашылығы	12.02
23	Ғылыми стиль, ерекшелігі, тұжырым, дәлел, термин	1	Ғылыми стиль ерекшелігі, тілдік құралдары, терминдер	19.02
24	Ғылыми сипататтағы мәтіндерге тапсырмалар	1	Зерттеу мәтінімен ерекшелігі	26.02
25	Бақылау жұмысы	1	Тест тапсырмасы	05.03
26	Мәтіндегі ақпарат көздері, негізгі ақпарат, қосымша ақпарат	1	Мәтімен жұмыс, негізгі және қосымша ақпаратты бөліп алу	12.03
27	Жинақы мәтін жазу жолдары	1	Аннотация жазудың тиімді жолдары	02.04
28-29	Аралас мәтіндермен жұмыс	2	Тұтас және тұтас емес мәтіндерді салыстыру	09.04 16.04
30	Мәтінге күрделі жоспар құру	1	Жоспардың түрлері	29.04
31	Мәтіннің құрылымы мен рәсімделуін анықтау	1	Мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау	30.04
32	Мәтін тақырыбына қатысты пікір жазу	1	Мәтін бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу	14.05 / 07.05
33	Мәтін мазмұнындағы басты ақпаратқа қарама-қарсы ақпарат табу	1	Мәтін мазмұнын талдау	14.05
34	Қорытынды	1	Бақылау жұмысы, тест тапсырмасын шешу	21.05
	Барлығы	34		

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

Мұғалімдер үшін:

1. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.
3. ҚР Білім туралы заңнама. – Алматы, 2012.
4. ҚР білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2004.
5. Даулеткалиева Р. Л. Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту // Молодой ученый. — 2017. — №18.1. — С. 16-18. — URL <https://moluch.ru/archive/152/43264/> (дата обращения: 30.03.2019).

Оқушылар үшін:

1. Орта білім беру деңгейлері білім алушыларының сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша дағдыларды қалыптастыруға арналған мәтіндер жинағы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі .Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Астана .2016.
2. Қазақ тілінен мәтіндер жинағы. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті. Алматы «Қазақ университеті» 2017.
3. «Қазақ тілі» оқулығы, 5-7-сыныптар.
4. Мәтін арқылы оқушылардың сөйлеу және ойлау қабілетін арттыру./Мәтіндер мен тапсырмалар жинағы /Балтабаева В.Қ.2014.
5. <https://testcenter.kz>
6. Қазақ тілінен мәтіндер жинағы (техникалық мамандықтар - ға арналған) / құраст.: Н.Қ. Мәтбек, Г.А. Тастемирова. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 56 б.
7. <https://www.google.com>
8. <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/ol-kim-bl-ne/39464/>